

ӘОЖ 327

ҒТАМР 11.25.91

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2026.64.2.012>

## ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНЫҢ ГЕОСАЯСАТЫ: ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР, ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

\* Жұмақанов Ә.Е.<sup>1</sup>, Исова Л.Т.<sup>2</sup>, Мамашарипова Г.А.<sup>3</sup>

<sup>\*1,2</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup> М. Әуезов Атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,  
Шымкент, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасының мұнай саясаты аясында жаһандық геосаяси өзгерістер мен энергетикалық қауіпсіздік арасындағы өзара байланыс сарапталады. Авторлар Қазақстан мұнайының сыртқы саясаттағы орны мен оның негізгі экспорттық бағыттарының – Каспий құбыр консорциумы (КҚК) және Транскаспий дәлізі – геосаяси, экономикалық және стратегиялық сипаттамаларына салыстырмалы талдау жүргізеді. Зерттеу барысында неореализм, неолиберализм және геосаяси редукационизм сияқты халықаралық қатынастар теориялары қолданылып, мұнай қауіпсіздігі, санкциялық тәуекелдер мен инфрақұрылымдық осалдықтар аясында Қазақстанның сыртқы саяси үдерістерден ұлттық мүдделерін қорғау стратегиялары қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада көмірсутек ресурстарын әртараптандыру, экспорттық маршруттарды икемді ету, мұнай өңдеу инфрақұрылымын жаңғырту және энергетикалық дербестікті арттыру мәселелері де кеңінен қамтылған.

XXI ғасыр халықаралық қатынастарда энергетика ғасыры деп аталуда. Себебі, мемлекеттердің және халықаралық құрылымдардың энергетикалық саясатқа дең қоюы, энергетикалық дипломатия, энергетикалық қауіпсіздік мүдделерінің жаһандық мазмұнға айналуы соның дәлелі.

**Тірек сөздер:** мұнай-газ саласы, геосаясат, экспорттық стратегия, КТК, Транскаспий дәлізі, энергетикалық қауіпсіздік, халықаралық қатынастар теориялары, инфрақұрылым, ұлттық мүдде, әртараптандыру

### Кіріспе

Әлемнің геосаяси тұрақсыздығы жағдайындағы мемлекеттердің сыртқы сауда саясатын үйлестіру мәселесі аса күрделі халықаралық ұстанымдарға тәуелді болуда. Әсіресе, сыртқы сауда экспорты басым мемлекеттің ішкі экономикасына да қатысты ақуал осы төңіректе туындайтыны бар. Қазақстанның ширек ғасырдан астам уақытта жүргізіп келе жатқан көмірсутегі шикізаты экспортының да осындай жаһандық тұрақсыздық кезеңі тудырған геосаясатпен байланысы уақыт үлесінде сипат алуда. Мұнайды әлемдік нарықта саудалаудың халықаралық ережелерін қадалағаумен қатар, сатып алушы тараптарған дейін тасымалдау мәселесі,

## Қазақстан мұнайының геосаясаты: экспорттық бағыттар, тәуекелдер және

жаһандық энергетикалық дәліздердің құбыр кеңістігінің тұрақтылығына қатысты ауқымды геосаяси трансформация мен экспорттық стратегия дилемасын күрделендірді.

Қазақстан жаһандық мұнай нарығында маңызды ойыншы ретінде қалыптаса отырып, өзінің экспорттық стратегиясын қайта бағдарлауға мәжбүр. Бұл мәселедегі әрекеттер кешенінің кеңеюі, елдің алдында экспорттық стратегияны дамыту және бейімдеу әрекеттерін қажет етеді. Қазақстан мұнайдың мол қорына ие бола отырып, дәстүрлі бағыттарға, әсіресе Ресей аумағы арқылы өтетін дәліздерге тәуелділікті азайту үшін балама экспорттық маршруттарды – соның ішінде Транскаспий орта дәлізін – дамыту жолдарын белсенді іздестіруде. Бұл қажеттілік тек экономикалық тиімділікпен ғана емес, сонымен қатар геосаяси тәуекелдерді басқару мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен де байланысты.

Соңғы жылдардағы халықаралық геосаяси шиеленістер, атап айтқанда Ресей мен Украина арасындағы (қайшылықтар)(текетрес) қақтығыс, Таяу Шығыс пен Кавказдағы тұрақсыздық, сонымен қатар энергетикалық инфрақұрылымдарға бағытталған дрондық және кибершабуылдар Қазақстан мұнайының экспорттық жүйесіне тікелей қауіп төндіріп отыр. Осыған байланысты Қазақстанның мұнай саясаты геосаяси трансформацияны қажет етеді – яғни, сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделіп, жаңа тәуекелдерге қарсы тұрақты, икемді және әртараптандырылған экспорттық стратегия қалыптастыру маңызды.

1992 жылдың 7 мамырында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Шеврон» корпорациясы арасында «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру жөніндегі ынтымақтастық ұстанымдары туралы Хаттамаға қол қойылды, соған сәйкес «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорны 1993 жылдың 1 қаңтарынан Теңіз және Королев кен орындарын игеруге кірісетін болды [1].

Бұл келісім – Қазақстан Респубкасына одан кейінгі кезеңде көптеп тартылған инвестициялық ағымның бастамасы еді.

### **Материалдар мен әдістерді сипаттау**

Зерттеу барысында шетелдік және отандық зерттеушілер мен сарапшылардың еңбектері қолданысқа түсті.

Қазіргі геосаясат пен әлемдік бизнестің арасындағы жаһандық идеология зерттеудің теориялық және эмпирикалық ауқымында негізге алынады.

Халықаралық қатынастар теориясындағы *неореализм* парадигмасы мемлекеттердің мұнай нарығындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұмтылысын, сондай-ақ халықаралық акторлар арасындағы өзара әрекеттестіктің табиғатын талдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте «хаостық қарым-қатынастар» түсінігі мен соңғы жылдары байқалып отырған ұлттандыру тенденциялары аясындағы «ұлттық мүдде» тұжырымдамалары өзекті теориялық негіз ретінде қарастырылады. [2]

Халықаралық қатынастар теориясындағы *неолиберализм*

парадигмасына сәйкес, әлемдік саясатта мемлекеттер мен басқа да халықаралық акторлар өзара тығыз байланыста әрекет етеді. Бұл ұстаным өзара тәуелділік (interdependence) концепциясына негізделген, яғни қазіргі халықаралық жүйеде бір елдің шешімі немесе іс-қимылы басқа елдердің ішкі және сыртқы саясатына тікелей ықпал етуі мүмкін [3]. Неолиберализм теориясы әсіресе экономикалық және энергетикалық саладағы көпжақты ынтымақтастықты, келісімдер мен институттардың рөлін алдыңғы орынға қояды. Сыртқы салиқалы сауданы жүргізу мақсатында ел аралық ынтымақтастықтың ұстанымдарын қадағалайтын халықаралық ОПЕК+, ХЭА секілді құрылымдардың шеңберінде қабылданған шарттарды Қазақстан да тұрақты орындап отыр. Халықаралық қатынастардағы неолибералды өлшемдер теориясы елдің сыртқы энергетикалық тасымал нарығындағы тұрақты құбыр дипломатиясын жүзеге асырудағы ұлттық қауіпсіздік және аймақтық қауіпсіздік аспектілерімен тодық байланыста.

*Геосаясаттың «үлкен кеңістіктер»* теориясына сәйкес, Қазақстанның өңірлік кеңістіктерінде орналасқан мұнай кендері мен қызмет атқарып жатқан шетелдік трансұлттық корпорациялардың белсенділігін қадағалауға негіз болатын аумақтық мәселелер топтастырылады [4].

*«Геосаяси редукационизм»*: мұнай қауіпсіздігі дилеммасы, «мұнайды қару» еткісі келетін сыртқы геосаяси қатынастарды болжау мен өзара тәуелділік асимметриясы мәселелерін қарастыру [5].

Бұл зерттеу жұмысы халықаралық қатынастар мен геосаясат саласындағы заманауи *сапалық* әдістерге негізделіп жүргізілді. Зерттеу барысында таңдалған әдістері және мақсаты мен міндеттеріне сай құрылып, мұнай саласындағы жаһандық және аймақтық үдерістердің логикасын терең түсінуге бағытталды.

Атап айтқанда, жұмыста салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс Қазақстан мұнайының негізгі экспорттық бағыттарының – Каспий құбыр консорциумы (КҚК) және Транскаспий дәлізінің – геосаяси, экономикалық және инфрақұрылымдық сипаттамаларын салыстыра, олардың артықшылықтары мен әлсіз тұстарын айқындауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы талдау арқылы әр бағыттың жаһандық нарықтағы орны мен тұрақтылық деңгейіне әсер ететін факторлар анықталды.

Сонымен қатар, зерттеуде ивент-талдау әдісі қолданылды. Бұл тәсіл мұнай саласында орын алған маңызды оқиғалар мен тұжырымдары мысалы, Ресей-Украина қақтығысы, санкциялық қысым, дрондық шабуылдар, КҚК жұмысындағы үзілістер зерделеу арқылы Қазақстанның экспорттық стратегиясына ықпал ететін ішкі және сыртқы факторларды жүйелі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Ивент-талдау нақты оқиғалардың хронологиясын саралай отырып, олардың салдары мен ықтимал тәуекелдерін болжауға жол ашады.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Қазақстан Республикасының мұнай саясаты геосаяси

## Қазақстан мұнайының геосаясаты: экспорттық бағыттар, тәуекелдер және

трансформацияның тарихи алғышарттарын 1990 жылдардың басында қалыптастыра бастады. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде инвестициялық орта мен заңнамалық базаның әлсіздігі мұнай операцияларын жүргізу барысында бірқатар күрделі кедергілерге алып келді. Әсіресе мұнай операцияларын реттейтін арнайы заңнаманың болмауы республикаға шетелдік инвестиция тартуда қолайсыз жағдай тудырды. Осы себепті Қазақстан, ішкі әлеуетті жандандыру мақсатында, шетелдік және отандық серіктестер арасында бірлескен кәсіпорындар құру моделіне жүгінді. Бұл қадам сыртқы серіктестермен өзара іс-қимыл орнатып, алғашқы энергетикалық дипломатия элементтерінің көрініс тапқанын байқатады.

1990 жылдардың ортасында қабылданған «Мұнай туралы» Заң, сондай-ақ «Шетел инвесторлары туралы» және «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» заңнамалар ұлттық мұнай саясатын институционализациялаудың негізін қалады. Бұл заңдар шетелдік трансұлттық корпорацияларды тарту арқылы Қазақстанның көмірсутек қорларын игерудің жаңа кезеңіне жол ашты. Атап айтқанда, «Теңізшевройл» жобасы Қазақстан мұнайы үшін халықаралық капитал мен технологияны тартудың алғашқы әрі ірі үлгісі ретінде геосаяси маңызы бар бастамаға айналды [5].

1998 жылы құрылған Шетел инвесторларының кеңесі – энергетика саласындағы халықаралық мүдделердің түйісу алаңы болып, Қазақстанды аймақтық энергетикалық хаб ретінде қалыптастыру процесінің бір бөлігіне айналды. Нәтижесінде, 1994 жылдан бері еліміздің экономикасына тартылған 136 млрд АҚШ долларына жуық тікелей шетелдік инвестицияның едәуір бөлігі мұнай-газ секторына бағытталды. Бұл серпін Қазақстанның жаһандық мұнай нарығындағы үлесін арттырып, елді геоэнергетикалық тұрғыда маңызды акторға айналдырды.

Осы кезеңде қалыптасқан институционалдық және инвестициялық негіздер Қазақстан мұнайының қазіргі экспорттық стратегиясының іргетасы ретінде қарастырылады. Экспорттық бағыттарды таңдау, халықаралық әріптестермен өзара әрекеттесу, инфрақұрылымдық шешімдер – барлығы сол кезеңдегі геосаяси бағдарлар мен құқықтық трансформацияның нәтижесі.

Орталық Азияның кең аймағында орналасқан Қазақстан әлемдік энергоресурстар нарығындағы маңызды ойыншыға айналып отыр. 2024 жылы Қазақстан Республикасы мұнай-газ саласында бірқатар маңызды жетістіктерге қол жеткізді. Жалпы мұнай өндіру көлемі 87,7 млн тонна деңгейінде тіркеліп, бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 3% төмендегенімен, ішкі өңдеу мен экспорт салаларында өсім байқалды. Оның ішінде «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының үлесі 23,8 млн тонна болды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 0,3 млн тоннаға артық. Бұл көрсеткіш компанияның өндірістік тұрақтылығын, сондай-ақ жаңа технологиялар мен инвестициялық серпіннің артып келе жатқанын көрсетеді.

Мұнай тасымалы 2023 жылмен салыстырғанда 4% өсіп, 83,5 млн

тоннаға жетті. Бұл өсім транзиттік бағыттарда логистика мен тасымал желілерінің тұрақтылығына байланысты. Айрықша назар аударарлық жайт – экспорттық бағыттардың кеңеюі. Мәселен, Германияға экспорт көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 50% артса, Ақтау–Баку–Джейхан бағыты бойынша транзиттік тасымал 27% ұлғайды. Бұл Қазақстан мұнайының дәстүрлі бағыттардан бөлек, баламалы бағыттарға да белсенді түрде бағдарланып жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, еліміздің мұнай өңдеу саласы айтарлықтай даму қарқынын көрсетіп отыр. 2024 жылы үш негізгі мұнай өңдеу зауытында өңделген мұнай көлемі 18,2 млн тоннаны құрап, рекордтық көрсеткішке жетті. Бұл көрсеткіш ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне сұранысын қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп қана қоймай, экспорттық әлеуетті де күшейтті. 2025 жылы қосымша 0,075 млн тоннаға ұлғайту жоспарланып отыр, бұл да тұрақты өсім келесідей:

### 1-диаграмма. Қазақстан мұнай саласының көрсеткіштері



### Сілтеме

ҚР Энергетика министрілігі 2023-2024жж. <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/minenergo-kazakhstan-itogi-2024-goda-i-strategicheskie-plany-na-2025-god-29771> [6]

Диаграмма Қазақстанның мұнай-газ саласында 2023 және 2024 жылдардағы алты негізгі көрсеткіш бойынша өзгерістерді бейнелейді. Жалпы мұнай өндіру сәл төмендегенімен, КазМұнайГаз үлесі сәл артқан. Тасымал көлемі, мұнайды өңдеу, экспорт және транзит бағыттары бойынша айқын өсім бар. Әсіресе, Германияға экспорт пен Транскаспий бағыты арқылы транзит көлемі айтарлықтай ұлғайған, бұл Қазақстанның энергетикалық әртараптандыру саясатының табысты іске асып жатқанын дәлелдейді [6].

Соңғы жылдары әлемдік геосаяси кеңістікте бірқатар трансформациялық үрдістер орын алды. Атап айтқанда, Ресей мен Украина

## Қазақстан мұнайының геосаясаты: экспорттық бағыттар, тәуекелдер және

арасындағы қарулы қақтығыстар, Таяу Шығыстағы тұрақсыздық ошақтары және Қытайдың энергетикалық экспансиясына негізделген экономикалық мүдделер аймақтық тәртіптің құрылымын түбегейлі өзгертуге себеп болуда. Бұл факторлар Орталық Азиядағы мұнай қауіпсіздігіне, оның ішінде Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымына да тікелей әсер етеді. Ивент-талдау әдісін қолдана отырып, аталған процестердің Қазақстан мұнайының экспорттық стратегиясына ықпалын саралау геосаяси трансформация қажеттігін дәйектеуге мүмкіндік береді.

Жаңа геосаяси ахуал экспорттық операциялардың сенімділігіне, тасымал дәліздерінің тұрақтылығына және әртараптандыру саясатына қысым жасай отырып, балама бағыттардың рөлін күшейтеді. Әсіресе Ресей арқылы өтетін дәстүрлі құбыр жүйелеріне тәуелділік артып келе жатқан геосаяси тәуекелдермен ұштасып отыр. Бұл жағдай Қазақстанды сыртқы нарықтарға шығу стратегиясын қайта қарауға итермелеуде. Геосаяси трансформацияның бір қыры – бұл энергетикалық инфрақұрылымды тек экономикалық тұрғыда емес, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздік нысаны ретінде қарастыру қажеттігі.

Сонымен қатар, технологиялық жаңғыру энергетика секторында жаңа мүмкіндіктер ашқанына қарамастан, соған параллель түрде кибершабуылдар мен дрондық соққылардың артуы мұнай-газ жүйесінің осалдығын байқатты. Мұндай үдерістерді заманауи энергетикалық қауіптер ретінде қарастыра отырып, олар Қазақстанның болашақ экспорттық стратегиясына нақты әсер ететіні сөзсіз.

Осы жағдайда Қазақстан мұнайының экспорттық бағыттарын әртараптандыру мәселесі маңызды геосаяси дилемма ретінде туындайды. Бұл контексте Каспий құбыр консорциумы мен Транскаспий орта дәлізі елдің энергетикалық стратегиясында негізгі екі балама бағыт ретінде қарастырылады. Бұлардың әрқайсысы тек экономикалық тиімділігімен емес, сондай-ақ геосаяси тұрақтылығы мен халықаралық әріптестік құрылымына негізделген артықшылықтары мен кемшіліктерімен ерекшеленеді. Осыған байланысты келесі бөлімде КҚК мен Транскаспий бағытына салыстырмалы талдау жасалады. Жағымды жақтарына:

- Ресейлік экспорттық жолдарға тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

- ЕО, Түркия және Қытай тараптарының осы бағытта қызығушылықтың болуы, бұл инфрақұрылымды дамытуға ықпал етеді.

- Ресейге қарсы санкциялармен байланысты саяси тәуекелдерді азаю мүмкіндігі.

Жағымсыз жақтарына:

- Каспий теңізі арқылы өтетін мұнай тасымалдаушы танкерлердің топшылығы және осы аймақтағы порттарының өтімділік қабілетінің шектеулілігі.

- Аталған аймақтағы саяси тұрақсыздық, саяси қақтығыстар (Өзірбайжан, Армения, Грузия).

Келесі бағыт, Каспий құбыр консорциумы. Қазақстанның мұнай экспортының негізгі бағыты. КҚК-елдің мұнай кен орындарын Новороссийск портымен (Ресей) байланыстыратын, мұнай Еуропаға теңіз арқылы тасымалданады.

Жағымды жақтарына:

– Жоғары өткізу қабілеті (жылына ~67 млн тонна мұнай).

– Қазақстандағы мұнай жолдарының ішінде ең дамыған инфрақұрылым.

– Балама маршруттармен салыстырғанда төмен логистикалық шығындар.

Жағымсыз жақтарына:

– Ресейге тәуелділік мәселесі және Ресейге байланысты санкциялық тәуекелдерге ұшырау.

– Бүгінгітаудағы қақтығыстардың аясында, энергетика саласына ықтимал әскери қауіптер, соның ішінде дрондардың инфрақұрылымға соққылары.

Қазақстан Республикасы мұнай өндіру көлемі бойынша Орталық Азияда жетекші орын алады және жаһандық мұнай нарығында энергетикалық шикізат жеткізушісі ретінде қалыптасқан [11]. Елдің энергетикалық қауіпсіздігі мен экономикалық тұрақтылығы тікелей мұнай саласының құрылымы мен оның халықаралық нарыққа бейімделу қабілетіне байланысты. Қазақстан аумағында өндірілетін мұнайдың физикалық-химиялық қасиеттерінің әртүрлілігі – яғни жеңіл, орташа және ауыр мұнай түрлері – елдің экспорттық стратегиясын қалыптастыруда шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Жеңіл мұнай, негізінен, Қазақстанның батыс өңірлерінде орналасқан ірі кен орындарында – әсіресе Теңіз және Қашағанда – өндіріледі. Бұл мұнай түрі өзінің төмен тығыздығы мен төмен күкірт мөлшері арқасында халықаралық нарықта жоғары сұранысқа ие. Мұндай сапалық сипаттар жеңіл мұнайды геосаяси тұрғыда экспортқа бағдарланған басым өнім ретінде ерекшелейді. Бұл мұнайдан алынатын бензин, авиаотын және дизель секілді өнімдер экспорттық табысты ұлғайтуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты жеңіл мұнай бағытталған экспорт Каспий құбыр консорциумы арқылы Новороссийскіге, сондай-ақ Транскаспий бағытындағы перспективалық арналарға тасымалданады.

Орташа тығыздықтағы мұнай негізінен Қарашығанақ кен орнында шоғырланған. Бұл мұнай түрі терең өңдеуді қажет ететіндіктен, экспортқа шығару алдында ішкі мұнай өңдеу зауыттарына бағытталады. Орташа мұнайдан алынатын өнімдердің ішкі нарықты тұрақтандырудағы рөлі зор болғанымен, балама экспорттық өңдеу орталықтарына, әсіресе Қытай немесе Түркия нарықтарына бейімделу арқылы жаңа серіктестік мүмкіндіктері туындайды.

Ауыр мұнай – Қазақстанның Маңғыстау, Жетібай және Өзен сияқты кен орындарында өндіріледі. Оның жоғары тұтқырлығы мен құрамындағы

## Қазақстан мұнайының геосаясаты: экспорттық бағыттар, тәуекелдер және

шайырлы компоненттердің көп болуы оны терең өндеуге жарамсыз етеді. Алайда геосаяси трансформация жағдайында ауыр мұнай ішкі экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің бір құралы ретінде қарастырылады. Бұл мұнай түрі ел ішінде битум, мазут және жол-құрылыс өнімдеріне сұранысты жабу арқылы инфрақұрылымдық тәуелсіздікті нығайтуға үлес қосады.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы мұнайдың әртүрлі типтерінің болуы экспорттық стратегияны әртараптандыруда икемділік береді. Бұл ерекшелік елдің геосаяси трансформация кезеңіндегі энергетикалық саясатында басымдықтарды нақтылауға, яғни қай өнім қай бағытта және қандай серіктестермен тиімді жүзеге асырылатынын нақтылап, қауіп-қатерлерге қарсы тұрақты экспорттық модель құруға мүмкіндік береді.

Мұнай секторын жаңғырту перспективаларына және оның сыртқы және ішкі тәуекелдер алдындағы орнықтылығын арттыруға ерекше назар аударылады.

Аймақтық қақтығыстардың әсеріне толығырақ тоқталып кетсек, Ресей тарапының Украинаға әскери әрекеттерінің бастауы, ресей үкіметін үлкен санкциялар астында қалтырды, дегенменде осы қадамның әсері біздің елге де ауыр соққы болып тиді, санкциялық қысым Ресей аумағы арқылы тасымалданатын қазақстандық мұнайдың экспорттау бағыттарының тұрақсыздығына әкелді. Экспорттық жолдарды бұғаттау және қайталама санкциялар енгізу қауіпі артты.

Сонымен қатар, 2024 жылғы наурызда Қазақстанның мұнай объектілеріне дрондардың шабуылдары тіркелді, бұл жекелеген учаскелерде өндіруді уақытша тоқтатуға әкелді. Мұнай өңдеу зауыттарына және көлік жүйелеріне кибершабуылдар жиілеп, логистика мен қаржы жүйелерінің жұмысын қиындатады. Мұның барлығы ендігі кезекте әр елдердің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қажеттілігін жаңа деңгейге жеткізді.

### **Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу Қазақстан мұнайының экспорттық бағыттарын салыстыру қазіргі геосаяси жағдайда энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінің күрделі әрі көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның мұнай экспорты негізінен Каспий құбыр консорциумы арқылы жүзеге асырылғанымен, қазіргі халықаралық ахуал бұл бағыттың бірқатар геосаяси және санкциялық тәуекелдерге тәуелді екенін айқындады. Сонымен қатар, Транскаспий бағыты экспорттық маршруттарды әртараптандырудың маңызды құралы ретінде қарастырылғанымен, оның толыққанды дамуы ірі инвестициялық ресурстарды, көлік-логистикалық инфрақұрылымды жетілдіруді және аймақтық әріптестікті нығайтуды талап етеді.

Зерттеу барысында Қазақстанның мұнай экспортындағы балама бағыттардың рөлі артып келе жатқаны анықталды. Атап айтқанда, Қытай бағыты энергетикалық ресурстарды өткізудің қосымша мүмкіндігін қамтамасыз еткенімен, бұл бағыттың да ұзақ мерзімді перспективада жаңа

тәуелділік тәуекелдерін қалыптастыру ықтималдығы бар екені байқалды. Осыған байланысты экспорттық бағыттарды теңгерімді түрде дамыту және бірнеше маршрутты қатар пайдалану Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғаудың неғұрлым тиімді тетігі болып табылады.

Жүргізілген талдау қазіргі кезеңде мұнай қауіпсіздігі мәселесінің тек экономикалық емес, сонымен қатар геосаяси, инфрақұрылымдық және технологиялық өлшемдермен тығыз байланыста екенін көрсетті. Ресей–Украина қақтығысы, халықаралық санкциялар, көлік дәліздерінің тұрақсыздығы, сондай-ақ энергетикалық инфрақұрылымдарға қатысты киберқауіптер мен дрондық шабуылдар мұнай экспортының тұрақтылығына тікелей әсер ететін факторлар ретінде айқындалды. Бұл жағдай энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан мұнайының әртүрлі физикалық-химиялық сипаттамалары экспорттық және өңдеу стратегияларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Жеңіл мұнай халықаралық нарықтарда жоғары сұранысқа ие экспорттық ресурс ретінде ерекшеленсе, ауыр және орташа мұнай түрлері ішкі өңдеу өнеркәсібін дамытуға және ішкі нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл факторлар көмірсутек ресурстарын тиімді басқару мен ұлттық энергетикалық саясаттың икемділігін арттыруға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, жүргізілген зерттеу Қазақстан үшін шикізаттық бағыттан біртіндеп жоғары қосылған құны бар өндірістерге көшу стратегиялық маңызға ие екенін көрсетті. Мұнай өңдеу қуаттарын жаңғырту, мұнай-химия өнеркәсібін дамыту, жаңа технологияларды енгізу және экспорттық инфрақұрылымды жетілдіру энергетикалық тәуелсіздікті нығайтудың негізгі бағыттары болып табылады. Бұл міндеттердің табысты жүзеге асырылуы елдің халықаралық энергетикалық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырумен қатар, экономикалық тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Қазақстан мұнайының геосаясаты қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі құрылымдық өзгерістермен тығыз байланысты екенін көрсетті. Энергетикалық қауіпсіздік мәселесі экспорттық маршруттарды әртараптандыру, энергетикалық дипломатияны күшейту және инфрақұрылымдық тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы ғана тиімді шешімін таба алады. Сондықтан Қазақстанның болашақ энергетикалық стратегиясы геосаяси тәуекелдерді төмендетуге, ұлттық мүдделерді қорғауға және әлемдік энергетикалық нарықтағы орнықты позициясын сақтауға бағытталуы тиіс.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» корпорациясы арасындағы «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру жөніндегі келісім материалдары. – Алматы, 1993.

[2] Waltz K.N. Theory of International Politics. – Reading, MA : Addison-Wesley Publishing Company, 1979.

[3] Keohane R.O., Nye J.S. Power and Interdependence. – 4th ed. – Boston : Longman, 2012.

[4] Flint C. Introduction to Geopolitics. – 4th ed. – London : Routledge, 2021.

[5] Yergin D. The New Map: Energy, Climate and the Clash of Nations. – New York : Penguin Press, 2020.

[6] Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі. Қазақстанның мұнай-газ саласының 2024 жылғы қорытындылары және 2025 жылға арналған стратегиялық жоспарлары. – Астана, 2025.

[7] «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ. 2024 жылғы өндірістік және қаржылық нәтижелер туралы есеп. – Астана, 2025.

[8] Caspian Pipeline Consortium. Annual Report 2024. – Moscow–Novorossiysk, 2025.

[9] International Energy Agency. Kazakhstan Energy Profile 2024. – Paris : IEA, 2024.

[10] BP. Statistical Review of World Energy 2024. – London, 2024.

[11] Байзакова К.И. Қазақстан және жаһандық энергетикалық нарық. – Астана : Экономика, 2019.

[12] Винокуров Е.Ю. Евразийская интеграция и энергетическая безопасность. – Москва : Валдай, 2021.

[13] Satpayeva D. Energy Security Challenges in Central Asia under Geopolitical Transformation // Central Asian Affairs. – 2023. – Vol. 10, No. 2. – P. 145–161.

[14] Kassenova N. Kazakhstan's Energy Strategy and Export Diversification // Journal of Eurasian Studies. – 2022. – Vol. 13, No. 1. – P. 21–35.

[15] Official Information Resource of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan. Ministry of Energy: Results of 2024 and Strategic Plans for 2025 [Electronic resource]. – Available at: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/minenergo-kazakhstan-itogi-2024-goda-i-strategicheskie-plany-na-2025-god-29771> (accessed: 25.06.2026).

[16] KAZENERGY Association. Kazakhstan Energy Sector Review [Electronic resource]. – Available at: <https://www.kazenergy.com> (accessed: 25.06.2026).

[17] World Energy Council. World Energy Scenarios and Outlook [Electronic resource]. – Available at: <https://www.worldenergy.org> (accessed: 25.06.2026).

[18] International Energy Agency. Kazakhstan Country Analysis Brief [Electronic resource]. – Available at: <https://www.iea.org/countries/kazakhstan> (accessed: 25.06.2026).

[19] Caspian Pipeline Consortium. Statistics and Infrastructure Data [Electronic resource]. – Available at: <https://www.cpc.ru> (accessed: 25.06.2026).

## ГЕОПОЛИТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ НЕФТИ: ЭКСПОРТНЫЕ МАРШРУТЫ, РИСКИ И ЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ

\*Жұмақанов Ә.Е.<sup>1</sup>, Исова Л.Т.<sup>2</sup>, Мамашарипова Г.А.<sup>3</sup>

<sup>\*1,2</sup> Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Алматы, Казахстан

<sup>3</sup> Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

**Аннотация.** В статье анализируется взаимосвязь между глобальными геополитическими изменениями и энергетической безопасностью в рамках нефтяной политики Республики Казахстан. Авторы проводят сравнительный анализ роли казахстанской нефти во внешней политике, а также геополитических, экономических и стратегических характеристик основных экспортных маршрутов – Каспийского трубопроводного консорциума (КТК) и Транскаспийского коридора.

В ходе исследования применяются такие теории международных отношений, как неореализм, неолиберализм и геополитический редукционизм. Рассматриваются стратегии защиты национальных интересов Казахстана в условиях нефтяной безопасности, санкционных рисков и уязвимости инфраструктуры.

Кроме того, в статье освещаются вопросы диверсификации углеводородных ресурсов, развития гибких экспортных маршрутов, модернизации нефтеперерабатывающей инфраструктуры и повышения энергетической независимости.

**Ключевые слова:** нефтегазовая отрасль, геополитика, экспортная стратегия, КТК, Транскаспийский коридор, энергетическая безопасность, теории международных отношений, инфраструктура, национальные интересы, диверсификация

## GEOPOLITICS OF KAZAKHSTAN'S OIL: EXPORT ROUTES, RISKS AND ENERGY SECURITY

\*Zhumakanov A.E.<sup>1</sup>, Issova L.T.<sup>2</sup>, Mamasharipova G.A.<sup>3</sup>

<sup>\*1,2</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup> M.Auezov South Kazakhstan university, Shymkent, Kazakhstan

**Abstract.** This article analyzes the relationship between global geopolitical changes and energy security within the framework of the oil policy of the Republic of Kazakhstan. The authors conduct a comparative analysis of the role of Kazakhstan's oil in foreign policy, as well as the geopolitical, economic, and strategic characteristics of its main export routes – the Caspian Pipeline Consortium (CPC) and the Trans-Caspian corridor.

The study applies key theories of international relations, including neorealism, neoliberalism, and geopolitical reductionism. It examines strategies for protecting Kazakhstan's national interests in the context of oil security, sanctions risks, and infrastructure vulnerabilities.

In addition, the article addresses issues of hydrocarbon resource diversification, the development of flexible export routes, the modernization of oil refining infrastructure, and the strengthening of energy independence.

**Keywords:** oil and gas industry, geopolitics, export strategy, Caspian Pipeline Consortium (CPC), Trans-Caspian Corridor, energy security, theories of international relations, infrastructure, national interests, diversification

*Received / Мақала түсті / Статья поступила: 07.04.2026.*

*Accepted / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 26.06.2026*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Жұмақанов Әділнұрым Ержанұлы – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: adilnurim@gmail.com

Исова Лаура Танирбергеновна – т.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

Мамашарипова Гульнар Ануаровна – т.ғ.к., доцент, М. Әуезов Атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. e-mail: gulnar\_19.1977@mail.ru

***Сведения об авторах:***

Жұмақанов Әділнұрым Ержанұлы – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: adilnurim@gmail.com

Исова Лаура Танирбергеновна – к.и.н., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

Мамашарипова Гульнар Ануаровна – к.и.н., доцент, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан.  
e-mail: gulnar\_19.1977@mail.ru

***Information about the Authors,***

Zhumakanov Adilnurym PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. e-mail: adilnurim@gmail.com

Issova Laura Tanirbergenovna – candidate of historical science, associate professor, Al-Farabi kazakh national university, Almaty, Kazakhstan. e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

Mamasharipova Gulnar – M.Auezov South Kazakhstan university, Head of the Department of International relations and international law, candidate of historical science, docent. e-mail: gulnar\_19.1977@mail.ru